

Жетістік кілті – ӘР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНДЕ

Кешегі өткен кезекті ректорат мәжілісінде күннің басты мәселелері ретінде нәтижеге бағытталған үдерістік басқарудың дамуы мен университеттің білім беру қызметінің мониторингі нәтижелері қаралды. Ректорат отырысын ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Мырзабайұлы ашты.

Оқытушылар құрамы мен университет басшылары қатысқан мәжілісте алғашқылардың бірі болып мінбеге ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев көтерілді. Нәтижеге бағытталған үдерістік басқарудың дамуы туралы хабарламасында ол: «Үдерістік басқарудың нәтижелері бойынша бізге жүктелген тапсырма – ОПК мен қызметкерлер еңбекақысын көтеру болатын. Бұл тапсырма ішкі және сыртқы ресурстардың қатар реттелуінде толықтай жүзеге асады.

ЖОО-ларды басқару жүйелері функционалды және үдерісті басқару болып екіге бөлінеді.

Жалғасы 2-бетте

Казахстан-Франция: поиски путей решения экологических проблем

Актуальные вопросы процесса загрязнения почвы тяжелыми металлами и мышьяком, а также важность металлического видообразования обсудили ученые и студенты КазНУ на круглом столе с участием видного научного деятеля Франции по минералогии, физики сырья и космохимии, профессора университета Пьера и Мари Кюри Жоржа Каласа.

Обсуждая тему «Полезные ископаемые – основная проблема в контексте устойчивого развития», крупнейший специалист в области минеральных ресурсов, обладатель премий «Сagittè re», «Ivan Reuschet Dolomieu» Академии Наук, премии Геологического сообщества Франции «Léon Bertrand» и медали компании Schlumberger «Минералогическое сообщество» Академии Наук Жорж Калас, выразил мнение, что внедрение инновационных зеленых технологий – реальный путь решения глобальных экологических проблем.

Вопросы дальнейшего сотрудничества в области геознергетики были обсуждены на встрече с руководством университета. «Одним из ключевых партнеров КазНУ среди французских вузов является университет Лотарингии.

Продолжение на 2 стр.

На новую кафедру ЮНЕСКО возлагается важная роль



Во время совместного заседания ученых совета КазНУ, представителей ООН и ЮНЕСКО ректор университета Г. Мутанов торжественно продемонстрировал документ, официально подтверждающий факт создания в казахстанском вузе международной кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию.

Генеральный секретарь комиссии РК по делам ЮНЕСКО и ИСЕСКО Асель Утегенова, отметив вклад университета в решение устойчивого развития, процитировала слова Генерального директора ЮНЕСКО Ирины Боковой, что «начало успешной реализации целей в области устойчивого развития лежит не только на плечах лидеров, но прежде всего на гражданском обществе».

Директор кластерного бюро ЮНЕСКО по Казахстану, Кыргызстану, Таджикистану и Узбекистану в Алматы Андрей Шевелев подчеркнул, что «на новую кафедру ЮНЕСКО возлагается важная роль по продвижению ряда целей устойчивого развития, таких как качественное образование, гендерное равенство, достойная работа и экономический рост, устойчивые города, борьба с изменением климата, сохранение экосистем, продвижение мира и партнерства в интересах устойчивого развития».

Поздравляя университет с открытием кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию, директор Департамента общественной информации ООН в Алматы Властимил Самек отметил, что заслуги КазНУ в области устойчивого развития позволили принять решение о продлении статуса вуза как Глобального Хаба по устойчивому развитию программы ООН «Академическое влияние» до 2018 года. «Открытие кафедры ЮНЕСКО расширит возможности молодых людей,

будет способствовать социальным инновациям и изменениям, созданию культуры мира», – добавил он.

Реализация проектов в рамках деятельности кафедры ЮНЕСКО позволит придать новый импульс инициативам, направленным на поддержку развития потенциала страны и региона в области устойчивого развития. В частности, это – подготовка и поддержка реализации научно-исследовательских проектов по устойчивому развитию, охрана окружающей среды, зеленой экономики и трансфер инновационных технологий по возобновляемым источникам энергии и т.д. Ректор университета подтвердил, что «кафедра ЮНЕСКО по устойчивому развитию станет местом проведения дискуссий и платформой для обмена, где поощряются демократические ценности, в том числе толерантность, плюрализм, уважение прав человека, свобода и диалог».

В Казахстане это уже пятая кафедра ЮНЕСКО, признанная Организацией ООН по образованию, науке и культуре, две из которых – в Казахском национальном университете им. аль-Фараби. С 1996 года в университете действует кафедра ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации, осуществляющая крупные проекты в сфере развития СМИ, журналистики и медиаобразования.

ПРЕСС-СЛУЖБА

БҮГІНГІ САҢДА:

МЕРЕЙЛІ
МАРАПАТ



«ЗЕЛЕНАЯ
ЭКОНОМИКА» -
ЭКОНОМИКА БУДУЩЕГО



НАШИ
ЧЕРЛИДЕРЫ
ЗАЯВЛЯЮТ О СЕБЕ



3-бет

5-стр.

8-стр.

РЕКТОРАТ

Жетістік кілті — ӘР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ

Жалғасы
Басы I-бетте

Функционалды жүйеде белгілі бір функциялар қызметтік бөлімдердің арасында еңбекті бөлу әмбебап қағидасына негізделеді, ал процесі жүйеде ЖОО қызметтерін бизнес процестерімен бірге қарастыра отырып, жүйе жұмыстарын өздігінше атқаруға итермелейді», — деп сөз бастап, әрі қарай жүйе тиімділігі мен нәтижелілігі жөнінде түсіндіріп өтті.

Нәтижеге бағытталған үдерістік басқарудың дамуымен таныс болғаннан кейін кезек университеттің білім беру қызметі мониторингіне ойысты. Бұл жөнінде Әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының директоры Г.С. Әбдірайымованың хабарламасы тыңдалды. Орталық директоры хабарламада: «2015-2016 оқу жылында Әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығы 6 ұжымдық жоба бойынша бағалау жұмыстарын жүргізді. Олардың қатарында «Оқытушы студент көзімен», «Оқытушы әріптес көзімен» «Өз alma-mateгінді қолда», «Куратор-эдвайзер студент көзімен», «Университеттің байқау комиссиясы» сынды жобалар жұмыс істеді. Есеп бойынша оқытушылар қауымына сту-



ЖАУАПКЕРШІЛІГІНДЕ

денттер тарапынан 50%-дан астамы «толықтай көңілім толады» деген жауап берсе, 40%-дан астамы «көңілім толады» деген баға берген. Ал оқытушылардың әріптестер көзімен шеберлігіне байланысты 60%-дан астамы «жоғары», 40%-ға жуығы «орташа» деп бағаланған», — дей келе одан әрі өзге жобалардың нәтижелерімен таныстырып, әр жобаға жеке-жеке тоқталып өтті.

Сонымен қатар жиында тестілеу бөлімінің директоры А.Г.Байнәсерова ОЖСБ сынағы бойынша тестілеу нәтижелері жайында есеп берді. А.Г.Байнәсе-

рова: «Кешенді тестілеуге бітіруші түлектер қатысып, базалық 4 пәннен сынақ тапсырады. Әр пәннен 25 сұрақтың шешімін тауып, 180 минутта орындауы тиіс. 2016 жылы университетімізден 50-ден астам мамандық бойынша 2500-ге жуық студент сынақ тапсыруда. Нәтижелері бойынша «Құқықтану» мен «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары үздік деп танылды», — деп хабардар етіп, барлық факультеттің нәтижесімен бөлісті.

Қаламқас
АМАНҚОСОВА

KAZNU.KZ

Әл-Фараби кітапханасында «Ұлттық аккредитациялау орталығы» ЖШС өкілдерінің қатысуымен «Аккредитациялау — қоғамдық мүддені қолдаудың жаһандық құралы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелге «Ұлттық аккредитациялау орталығы» ЖШС бас директоры Серік Құрманғалиев, ҚазҰУ-дың ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Тілекқабыл Рамазанов және қызметтері метрология ережелерін сақтауға және стандарттарды сақтауға тура және жанама қатысы бар түрлі ұйымдардың басшылары — «Inter-Cert Сертификациялау орталығы» ЖШС, «ҚазМетрИн» РМК, «NOBEL» АҚ және т.б. қатысты. Оның нәтижесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «Ұлттық аккредитациялау орталығы» ЖШС арасында меморандумға қол қойылды.

Қазақстан-британдық үкіметаралық «Ньютон — Әл-Фараби» бағдарламасы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында құрылған Кәсіби даму және қарым-қатынас орталығы мен ҚазҰУ технопаркінде «Ғылыми зерттеулердің нәтижесін басылымға шығару» атты семинар-тренингі өтті.

Тренингте медицина саласы бойынша зерттеулер жүргізетін және дәріс оқитын, Ұлыбританияның Брэдфорд университетінің доценті, PhD доктор Амос Фатокун жүргізді. Оның жұмыстары бірнеше алдыңғы қатарлы халықаралық журналдарда басылып шыққан.

Тренинг-семинарға Алматы қаласы және Алматы облысы зерттеу институттарының және университеттердің 20-дан астам өкілдері қатысты. Қатысушылар өз зерттеулерінің нәтижесін алға ілгерілету үшін басылымға қалай дайындау керектігі жайлы білді. Тренингке қатысушы ғалымдар өз мекемелерінің зерттеу сапасын, сонымен бірге халықаралық зерттеу қоғамдастығында рейтингін және беделін көтере алады.

Философия және саясаттану факультеті деканының ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Мейірбаев Бекжан Берікбайұлы Сиань көлік университетінің ұйымдастыруымен өткен «Ұлы Жібек жолы» мәдени даму ғылыми-зерттеу форумына қатысып қайтты.

Осыдан бір ай бұрын ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтанов бастаған делегация Қытайда өткен Сиань көлік университетінің 120 жылдығына арналған мерекелік іс-шараларға қатысқан болатын. Бұл форумның мақсаты — Жібек жолын зерттеуді қарқынды түрде дамыту, Шара барысында Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы Випан Янцзе ханыммен халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бойынша келісімшарт жасалды.

Казахстан-Франция: поиски путей решения экологических проблем



Продолжение. Начало на I стр.

В рамках соглашений на базе Казахстанско-Французского научно-образовательного Центра «Гео-Энергетика» в КазНУ проводятся исследования на международном уровне. Университеты объединили усилия для совместной подготовки специалистов и реализации инновационных научно-исследовательских проектов. Одним из результатов плодотворного сотрудничества является

программа двойного диплома», — отметил ректор Галым Мутанов.

КазНУ внедряет полученные результаты опытно-конструкторских работ в реальный сектор экономики. Ученые университета совместно работают с промышленными компаниями Актюбинской и Восточно-Казахстанской областей. Научный потенциал КазНУ позволяет развить партнерство с университетом Пьера и Мари Кюри и расширить географию сотрудничества с ведущими университетами мира.

В свою очередь, профессор Жорж Калас, выразил заинтересованность в проведении совместных научных исследовательских работ. По его мнению, Казахстан огромная страна с большими природными ресурсами, и это дает возможность больше изучать геологические недра и вопросы охраны окружающей среды.

«Для многих французских компаний Казахстан является привлекательной страной. Мы заинтересованы в привлечении бизнес-сообществ, принципом работы которых является применение новых подходов и зеленых технологий в производстве, потреблении, менеджменте и методах организации производства. Зеленые технологии — это инновации, в основе которых лежат принципы устойчивого развития», — сказал Жорж Калас.

Стороны выразили готовность к академическому сотрудничеству и повышению уровня заинтересованности бизнес-сообществ в сфере возобновляемых источников энергии. В завершение встречи руководство университета пригласило Жоржа Каласа принять участие в совместных проектах, которые будут представлены в «ЭКСПО-2017».

ПРЕСС-СЛУЖБА

Состоялся круглый стол на тему
«Аккредитация — глобальный инструмент поддержки общественных интересов»

М. Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Сергей Есенин атындағы «Золотая осень» дипломы және орденімен, Василий Шукшин медалімен марапатталған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақтың маңдайына біткен біртуар ұлы Сәбит Досанов өзі түлеп ұшқан қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тағы бір зор марапатқа ие болды.



МЕРЕЙЛІ МАРАПАТ

«Шынар» журналының бас редакторы, Махмұд Қашқари атындағы қор президенті, Әзірбайжанның көрнекті ақыны Эльхан Зал Карахан Сәбит Досановқа «Ақ Аруана» шығармасы үшін Махмұд Қашқари атындағы халықаралық сыйлықты табыстай отырып, түркі әлеміндегі қазақ халқының орнын, екі ел арасындағы туыстықты «Әзірбайжан мен Қазақстан» өлеңі арқылы атап өтті. Сонымен қатар, Эльхан Зал Карахан «Шынар» журналының басты бетін Сәбит Досановқа арнап, оның «Ақ Аруана» кітабын әзірбайжан тіліне аударған.

Махмұд Қашқари атындағы қор жұмысының басты мақсаты – түрік халықтарының мәдениеті мен әдебиетін бүкіл әлемге тарату, жер бетіндегі барлық халықтар арасындағы қарым-

қатынасты нығайту. Махмұд Қашқари атындағы сыйлық осы мақсатқа жетуге өз шығармалары мен еңбектері арқылы қол ұшын беріп жүрген азаматтарға, әдебиет, ғылым мен өнер саласында елеулі еңбек етіп жүрген жандарға беріледі. Мұндай беделді сыйлықпен бұдан бұрын Ақылбек Шаяхмет, Олжас Сүлейменов сынды азаматтар марапатталған.

Жиын басында ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанұлы: «Бүгінгі кездесудің қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, белгілі жазушы, драматург Сәбит Досановпен болуы кездейсоқ емес. Ол – біздің университеттің 1964 жылғы түлегі. Содан бері ол өзі таңдаған сөз өнерінде шығармашылықтың шынын бағындырып, университетіміздің атын тек жақсы жағынан шығарып жүрген дарынды тұлға», – деді.

Жазушы, драматург Сәбит Досановпен кездесуге, оның қуанышына ортақтасуға танымал ақын-жазушылар: Мыңбай Рашев, Дулат Исабеков, Ғалым Жайлыбай, Алматы қаласы әкімдігінің ішкі жастар саясат басқармасының басшысы Нұрболат Сыздықов, Ресей казактарының атынан Дәмелі Тасмағанбетова, күйші-композитор Шәміл Әбілтаев келді.

Кездесу барысында Дәмелі Тасмағанбетова жазушыны Ресейдегі қазақтар атынан құттықтаса, Дулат Исабеков оның қилы тағдырынан сыр шертті. Ал күйші-композитор Шәміл Әбілтаев «Сәбең сал» атты Төреғали Тәшеновтің өлеңіне жазылған күйімен келтірген сәнін келтірді.

Кеш соңында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы Сәбит Досанов мырзаға университет дамуына қосқан айрықша үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалін табыстеді.

Дияра МҰРАТҚЫЗЫ

Қайырымдылық – кез келген адамның қолынан келе бермейтін, жүрегі мейірімге толы жандардың жасайтын ізгі амалы. Адам баласы қашанда мейірімге мұқтаж. Мейірім – адам жанының шуағы, көңілдің бағы, адамгершіліктің негізі.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – адамгершілік белгісі

Жақсылық атаулысы қашанда пенделе ғана емес, барша тіршіліктің жүрегінен орын тауып, кеуделегі жұдырықтай жүректі жылытып кететін таңғажайып, керемет құбылыс. Қоғам бір-біріне демеу болса ғана үлкен болашақ құшағын кең ашпақ. Осы мақсатта ҚазҰУ-да жүзеге асып жатқан «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында жуырда Әл-Фараби кітапханасының ұжымы Алматы қаласының №2 балалар үйінде болып қайтты.



Әл-Фараби кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі бастаған ұжым қамқоршысынан айырылған балаларға киім-кешек, ойыншық, тәттілер және кітаптар алып барды. Балалар бізді көргенде мээ-мейрам болды. Олардың сыңғарлаған күлкісі, қуанышы бізге зор бақыт сыйлады. Ата-ана жылуына зәру балапандардың жүзіндегі мұңды көргенде жүрегіміз қан жылап, оларға амандық, ендігі өмір жолдарының ашық болуын тіледік.

Сонымен қатар бірқатар кітапхана қызметкерлері өз қаржыларына балаларға керек-жарақтарын алып берді.

Мейіркүл ШОМАЕВА,
Әл-Фараби кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің бас кітапханашысы

Умный город Аль-фараби: из истории европейской презентации

Сегодня модно рассуждать и писать о трехязычии. Реальность такова, что знание иностранных языков распахивает двери в мир, помогает выстроить траекторию развития молодого человека. Эта аксиома очевидна на примере жизни замечательных выходцев из Центральной Азии в прошлом.

Достаточно обратиться к жизнеописанию Аль-Фараби, – исследователь практиковался как в естественных и гуманитарных науках и аутентично сумел передать результаты научных поисков в переложениях на разные языки. Его труды известны в европейском информационном поле, благодаря переводам на французский в частности. Выходец из Туркестана Мустафа Шокай, оказавшийся в Европе вследствие политической эмиграции в начале XX века, с большим удовлетворением сообщал о том, что именно французский исследователь-арабист барон Карра де Во взял на себя в 1920-е годы написание энциклопедического пятитомного труда «Les Peaseurs de l'Islam» («Мыслители ислама») о мусульманских мудрецах, в числе которых издал сведения об Аль-Фараби и его трактате об идеальном городе «La Cite Modele».

Второе десятилетие XX века было пронизано угрозой фашизма, опасная тенденция присутствовала в научной полемике. Не избежал этого и барон Карра



де Во, проводивший аналогию с выводами Ницше и трактатами средневековых философов. Мустафа Шокай вступает в защиту тюркского мыслителя. Если барон Карра де Во пишет: «имеются, странным образом приближающиеся к некоторым совсем недавним концепциям Ницше, то Мустафа Шокай не соглашался с таким определением. Он считал, что «отношение к силе и насилию и оценка их роли в обществе у Фараби совсем иные, противоположные, чем у немецкого философа. Если для Ницше, – рассуждает казахский публицист, – добро то, что позволяет высшей касте господствовать над низшей, «сверхчеловеку» над обывденными людьми, то для Фараби насилие и сила есть ни что иное, как «болезнь жестокости в человеческой философии», и суждение свое об этом автор «Идеального града» помещает в особой главе о градах несовершеннолетних – «Lez cites imparfaites».



Как утверждают специалисты, в 1930-1932 гг. в Париже был опубликован и перевод на французский язык первой части «Большой книги о музыке» Аль-Фараби, осуществленный французским ученым Эрланже. Образы идеального социума-города в трактате выходца из Отрара оказывались близки европейскому интеллектуальному сообществу, они противостояли нацистским фетишам. Сказалось ли влияние Шокая и других туркестанцев, еще не доказано. В статье М. Шокая, написанной в Париже в 1941 году и опубликованной в

журнале «Яш Туркестан» под заголовком «Туркестан», перечислены известные тюркоязычные мыслители, в том числе и Аль-Фараби, и даны ссылки на французского арабиста Карра де Во.

Так переплелись судьбы средневекового мыслителя, французских культурологов, арабистов и казахского политического деятеля-правоведа и публициста, взявшего на себя ношу популяризации наследия тех предшественников, что с гордостью причисляли себя к тюркоязычным (ат-турки) творцам. Межкультурное сближение на основе интеллектуального процесса, закрепленное полиязычием, гуманистическим мировоззрением – плодотворно, и его надо развивать. Молодежи Казахстана важно понимать эту истину, стремиться обогатить свои лингвистические и исторические познания через каждодневный труд во благо будущего.

Гюльнар МУКАНОВА,
кандидат исторических наук, доцент

ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасы Олжас Сүлейменовтің 80 жылдығына арналған БАҚ-тағы үздік жарияланымдардың республикалық байқауын жариялады



Кафедра эпидемиологии и гигиены медицинского факультета (ВШОЗ) КазНУ в рамках международной научной конференции студентов и молодых ученых «Фараби әлемі», которая недавно прошла в стенах ведущего университета Казахстана, продолжает внедрять идеи философии Аль-Фараби по формированию профилактического подхода к проблеме укрепления здоровья отдельных людей и общества.

Аль-Фараби и здоровье нации

Известно, что изучение философии Аль-Фараби в настоящее время приобретает большую актуальность в условиях усиления демократических преобразований, создание правового, светского государства, утверждения согласия в обществе в Казахстане, особенно актуальным остается концепция великого восточного мыслителя о политическом лидерстве, его идеи о добродетельном обществе, о справедливости, равенстве, сохранении мира, предотвращении войны, интенсификации осуждения им несправедливых войн. В этом плане философия и идеи мыслителя могут стать ценным источником для воспитания подрастающего поколения, образовательного процесса на медицинском факультете КазНУ.

Центр мироздания, по мнению Аль-Фараби, — это человек. Человек должен стремиться к совершенству, а для того чтобы достичь совершенства, он должен много учиться, иметь прекрасный характер, заниматься укреплением своего здоровья, так как счастливым человека делают духовное богатство, хорошие качества характера и здоровье.

Изучение наследия великого философа позволяет в определенной степени ответить на вопрос, как создать общество, соответствующее принципам добра, разума, красоты и любви. Ряд социально-этических трактатов Аль-Фараби посвящены учению об общественной жизни (например, «Трактат о взглядах жителей добродетельного города», «Книга о достижении счастья», «Указания путей к счастью»). По мнению Аль-Фараби, «в добродетельных» городах стремятся к достижению истинного счастья для всех жителей, господствует добро и спра-

ведливость, осуждается несправедливость и зло. Вообще Аль-Фараби считал, что совершенство человека заключается в счастье, причем счастье достигается через знание (ильм) и поведение (сира). Говоря о знании, он имел в виду знание о сущности всего и всякого сущего. Выказываясь о поведении, Аль-Фараби отмечал, что счастье рассматривается как наивысшая степень совершенства, доступная человеку.

Счастье — это цель, к которой стремится каждый человек, ибо оно является неким совершенством. Известно также высказывание Аль-Фараби, что совершенство человека — это здоровье, если есть здоровье, то его следует сохранять, если нет, то его следует приобрести. По мнению Аль-Фараби, здоровье достигается путем соблюдения следующих мер: умеренной диеты, умеренном труде. Только в этом случае приобретается сила и хоршее состояние души, совершенствуется счастье. Философские высказывания Аль-Фараби о здоровье, его настоятельным укреплением как никогда сегодня актуальны в нашем обществе. По мере того, как меняется человеческое общество, меняются и проблемы здоровья. По данным ВОЗ (2012), к числу главных проблем, стоящих перед общественным здравоохранением, относятся: неравенства в отношении здоровья, экономический кризис, глобализация, миграция, урбанизация, ухудшение окружающей среды и изменение климата.

В настоящее время хронические заболевания, такие, как сердечно-сосудистые заболевания, онкологические, психические заболевания, определяют в основном уровень заболеваемости и смертности в большинстве развитых странах. Сегодня главной причиной смертности являются уже не инфекции, а такие заболевания, как инфаркт, инсульт, диабет, рак и т.д. Особенно отмечается высокая смертность населения, связанная с неправильным образом жизни, поведением людей. Об этом упоминал и предсказывал великий философ Аль-Фараби. Сегодня ведущие эксперты мира констатируют, что если в XX веке среди населения преобладала инфекционная заболеваемость, высокая потребность в хирургической помощи, из-за непрекращающихся масштабных и локальных войн, высокая материнская и младенческая смертность, то в XXI веке будут преобладать болезни: связанные с образом жизни: заболевание системы кровообращения, онкологические болезни, травмы, отравления, несчастные случаи; с рискованным поведением человека (ИППП, ВИЧ инфекция, наркомания); с экологией (эколого-зависимые заболевания); с миграцией, социальными конфликтами; прежде не известные (например, ВИЧ/СПИД). Особую тревогу вызывают: тенденция к распространению курения, злоупотребления овощей и фруктов (нерациональное питание), малоподвижный образ жизни (гиподинамия).

Поэтому, я считаю, глубокие философские мысли великого Аль-Фараби, его взгляды о здоровье, о его укреплении находят свое место в системе здравоохранения. В Казахстане в связи спредстоящей реализацией государственной программы развития здравоохранения «Денсаулық» на 2016 — 2019 г.г., утвержденной Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым, идеи великого мыслителя Востока Аль-Фараби отвечают запросам сегодняшнего дня и не утратили своего значения и актуальности. Связь времен и поколений продолжается.

М.К.САПАРБЕКОВ,
зав. кафедрой
эпидемиологии
и гигиены ВШОЗ,
д.м.н., профессор

Әрбір адам бала кезінен болашақта кім болғысы келетінін армандаған болар. Сан алуан мамандықтардың ішінен мен «Саясаттанушы» мамандығын таңдадым және бүгінде бұл менің орындалған армандарымның бірі. Себебі, мамандығым өлімнің ертеңіне үлес қосатын, болашағын тұрақтандыратын менің басты құралым болып табылады.

Мамандығым — мақтанышым

Саясаттанушы — бұл саясатты биліктік қатынастармен байланысты адамдар өмірінің ерекше саласы ретінде зерттейтін және саяси өмірдегі жағдайларға талдау жасайтын маман. Адамзат тарихында саясат негізгі рөлді атқарды. Оның дұрыс-бұрыстығы, сыйып келгенде, адамдардың, халықтардың тағдырымен тығыз байланысты.

«Саясаттану» мамандығының тарихы теренде жатыр. Саясат түсінігі, ең алдымен, Ежелгі Грецияда б.з.д. V мыңжылдықта қалыптасқан. Ежелгі Греция мен Ежелгі Рим ойшылдары «мемлекетті» ақыл-парасаттың ең жоғарғы дәрежедегі көрінісі деп түсіндірді. Бұл саладағы алғашқы ойшылдар — Платон мен Аристотель болды. Бұл ғылымның нақты анықтамасы, нысаны мен міндеттері тек 1948 жылы қалыптасты және әлемнің барлық елдерінде қабылданды.

«Саясаттанудың даму жолын оқудың қажеті қанша?» деп ойлайтындар қателеседі. Себебі, біріншіден, қазіргі өркениетті деп саналатын қоғамдық құрылыс, демократиялық идеялар бір күн немесе бір жылда пайда бола қойған жоқ. Оған мыңдаған жылдар бойы озық ойлы данышпан ойшылдар ерінбей еңбек етіп, әрқайсысы өз үлесін қосты. Екіншіден, қоғамдық ой-пікірде түпкілікті, үзілді-кесілді шешуге келмейтін мәңгілік мәселелер де кездеседі. Әрбір тарихи дәуір оларға өзінше ой жүгіртіп, өзінше баға береді. Ал тарих болса, ескі қателіктерді қайталамауға үйретеді. Үшіншіден, адамзат ақыл-ойы дамуының өзіндік ішкі қисыны, логикасы болады. Оларды оқып-білу арқылы адам өркениеттіліктің сатыларынан өтіп, саяси тәжірибе жияды. Сондықтан саясаттанудың тарихын білмей, қазіргі саяси жағдайды толық түсіну қиындық етеді. Төртіншіден, кейбір саяси теорияларды негіздеушілер және олардың жақтаушылары өз іс-әрекеттерінің шындығын дәлелдеу үшін тарихи дәстүрлерге жүгінуді ұнатады. Бұл да тарихи тағылымға талмай үңілуді талап етеді. «Саясаттану» мамандығын таңдаған соң ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін, өткен замандардағы ғұлама ғалымдардың, данышпан-дарындардың саралы саяси ой-пікірлерін оқып-үйренудің маңызы зор.

«Саясаттану» мамандығын оқып, білім алған маман төмендегідей қызмет түрлерімен ел игілігі үшін қызмет ете алады: орта және кәсіби орта оқу орындарында оқытушы; инструктор; инспектор; сараптамашы; эксперт; кенешші; имиджмейкер; конфликтолог; саяси технолог; қоғаммен байланыс жөніндегі маман; саяси консультант; сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар маманы және т.б.

Дегенмен, бұл мамандықты таңдау белгілі бір лағзырлар мен біліктерді талап ететінін ұмытпаған жөн. Мысалы: ғылыми ізденуді жоспарлау және ұйымдастыру, қазіргі саяси процестерді зерттеу және оны талдау; саясаттағы жанжалды жағдайларды реттеу; экспертизалар жасау, саяси кеңес беру және болжам; кәсіби қызметте қолданатын ақпаратты компьютерлік жинау, сақтау және өңдеу; орта және кәсіби орта оқу орындарында қоғамдық-саяси пәндерді оқыту және студенттердің таным процесін арттыру; жетік білуі керек; саяси теория мен практика мәселелерінде, саяси проблемалар мен процестерді талдауда; кәсіби лексиканы пайдалануда, таңдап алынған саладағы басшылық пен жетекшіліктің белгілі бір деңгейлеріндегі міндеттер мен тапсырмаларды шешуге; көпсалалы саяси қызметте.

«Саясаттану» мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарының ішінде көп жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың орны ерекше. Университеттің философия және саясаттану факультетінің саясаттану және саяси технологиялар кафедрасында аталмыш мамандық бойынша білікті мамандар дайындауда белгілі оқытушы-профессорлар құрамы еңбек етеді. Мен өзім осы университеттің түлегі ретінде жарқын ел болашағы үшін қызмет етемін және мамандығымды мақтан тұтамын!

Сәкен БІДЫРЫСОВ,
«Саясаттану» мамандығының
4-курс студенті





ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің деканы
МАСАЛИМОВА ӘЛИЯ РМҒАЗЫҚЫЗЫН
Қазақстанның Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі атағын алуымен шын жүректен ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Масалимова Әлия Рмғазықызы — заманауи мәдениет, маргиналдылық мәселелерімен жан-жақты айналысып жүрген ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор. «Үш тұғырлы тіл — ұлттың келешегі» қағидасын өз тәжірибесінде ұстаным етіп, қазақ, ағылшын және орыс тілдерін қатар меңгерген жаңа заман маманы. Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Үздік жас ғалым — 2008» дипломының, «ЖОО үздік оқытушысы — 2010», ҚР БжҒМ Мемлекеттік грантының, Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» 2013-2014 жылғы стипендиясының иегері. 1 ғылым докторын, 2 PhD докторын, 12 гуманитарлық ғылым магистрін дайындаған. «Стратегия и политика образования и науки» (София университеті, Болгария) журналының халықаралық коллегиясының, «Евразийство и Мир» (Ресей) журналының Халықаралық редакциялық кеңесінің мүшесі, Қазақстандық философиялық конгресс Алматы филиалының жетекшісі.

Құрметті Әлия Рмғазықызы, философия және саясаттану факультеті ұжымы Сізді шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейді! Білікті ғалым, ұлағатты ұстаз ретінде өскелең ұрпаққа үлгі болып жүре беріңіз! Толағай табыстарға жете беріңіз!

P.S. «Қазақ университеті» газеті ҚазҰУ ұжымы атынан ғалымды айтулы жетістігімен құттықтайды. Ел дамуы жолындағы қызметіңізге табыс, еңбегіңізге жеміс тілейміз!

Қай заманда болсын, адамзаттың алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі — ол саналы, білімді, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу екені анық. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан — 2050» Стратегиясын орындаудың бесжылдық кезеңді қамтитын маңызды міндеттерінің бірі ретінде білім-ғылым салаларын дамыту қажеттілігін айтқан болатын.

ҒЫЛЫМ — студенттік өмірдің айырылмас бөлшегі



Прагматикалық стратегия құра отырып, қазақстандықтарға жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу мақсатын қояды. Ол үшін инновациялық зерттеулер мен әзірлемелер дайындап, ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу мүмкіндіктерінің бар екендігін баса айтқан. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары жалғыз білім беру саласымен шектеліп қана қоймай, қолданбалы және ғылыми зерттеу салаларын құрып, оны одан әрі дамыту маңыздылығын атап кеткен.

Елбасымыздың жүктеген мақсаттарын алға қоя отырып, ЭЖБЖМ-нің есеп және аудит кафедрасы студенттердің ғылыми жұмысымен айналысуына ерекше мән береді. Кафедрада студенттердің ғылымға деген қызығушылығын арттыру мақсатында үш үйірме жұмыс істейді: «Жас бухгалтер», «Жас талдаушы» және «Жас аудитор». Әр үйірменің жылдық жұмыс жоспарлары оқу жылының басында үйірме жетекшілерімен: Г.Е.Жүнісова, Н.А.Товма және Ж.К.Купеновамен дайындалып, кафедра

менгерушісімен бекітіледі. Сол жоспарға сәйкес студенттермен ғылыми жұмыстары жүзеге асырылады.

Студенттер 1-курстан бастап ғылыми жұмысқа белсене араласады. Бұл тек ғылыми зерттеулер жүргізуге үйретіп қоймай, олардың болашақ мамандықтарында жоғары нәтижелерді көрсетуіне мүмкіндік береді. Республикалық және халықаралық деңгейдегі конференцияларға және байқауларға ғылыми жобаларын дайындап, жүлделі орындарға ие болуда. Үйірмелер аясында семинарлар, тренингтер, шеберлік сыныптары, конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізіледі. Аталған іс-шараларға қатысу арқылы студенттер диплом жұмыстарын және болашақ диссертацияларын жазуға тәжірибе жинақтап, дайындайды.

Осындай қызықты іс — ғылыммен айналысатын студенттеріміз көп болса екен деп тілейміз.

Үйірме жетекшілері


В обществе чаще стало употребляться выражение «зеленая экономика». После прошедшего саммита «РИО+20» Президент нашего государства предопределил этому понятию высокий приоритет как один из первостепенных факторов на пути дальнейшего развития страны.

Как показывает мировой опыт, на планете ресурсы и все живое в ней не бывают бесконечными, неграмотное использование природных и материальных ресурсов рано или поздно приводит к их истощению или бесследному исчезновению. Если ресурсы используются бессистемно, хаотично, беспорядочно, то законы природы берут свое, ведь на нашей планете все взаимосвязано с другими элементами и компонентами, влияющими на процессы становления, формирования, роста.

Пока наше государство ведет активную политику в области перехода к «зеленой» экономике, мы как часть этого процесса делаем свои шаги к созданию «чистого» будущего. Сохранить богатства нашей планеты поможет только сформированное отношение «Социальная ответственность», а проводником является личность педагога, организующего целостный педагогический процесс в организации образования (детский сад, школа, вуз) через внеклассные мероприятия.

Нами разработана и внедрена авторская технология «Проблемно-ориентированная технология обучения» (автор — к.п.н., доцент кафедры педагогики и образовательного менеджмента З.М.Садвакасова). В рамках Школы куратора-эдвайзера были организованы показательные воспитательные мероприятия для кураторов-эдвайзеров и магистрантов разных факультетов, где конкретно на практике было представлено, как сфор-

«Зеленая экономика» — ЭКОНОМИКА БУДУЩЕГО



мировать «социальную ответственность» за происходящее в мире и бережное отношение к окружающей среде.

Показательное и организованное воспитательное мероприятие «Планета — наш дом родной» включало в себя «Лекцию со стопами», в которой слушателям рекомендовалось фиксировать через прием «Заметки на полях», выявлять и записывать проблемы, параллельно формулировать вопросы, которые требуют разрешения. Сформулированные вопросы: Как использовать ресурсы во благо и экономно? Как климатические изменения повлияют на планету Земля? — являлись темами к будущей проектной деятельности, кото-

рые можно давать обучающимся в исследовательской сфере. По завершению просмотра фильма «ДОМ», где было показано, как каждая страна загрязняет экологию в целях финансового обогащения, были предложены подходы и пути по сохранению экологии в данном направлении в области образования. Каждому слушателю индивидуально предоставлялось написать пути выхода из кризиса, проблем и свои предложения по сохранению «зеленой экономики».

Каждый из нас может внести свою лепту в дело охраны окружающей среды. И не стоит думать, что твой вклад будет каплей в море. Каждый день мы можем

сделать мир чище и лучше. В завершение мероприятия были вынесены предложения группы по бережливому подходу и своевременному устранению всех видов потерь, был составлен список рекомендаций, как можно уже сегодня каждому, внося свою лепту, создавать «чистое» будущее.

Были предложены идеи в рамках: «бережливого производства», «бережливого города», «зеленых технологий», «бережливого правительства». В основе «зеленой» экономики — чистые или «зеленые» технологии. После организации данной технологии слушатели высказывали идеи: беречь электроэнергию; для покупок продуктов носить собой сумку, чтобы лишний раз не покупать целлофановые пакеты; внедрить спецкурс «Гринпис»; показывать целенаправленные социальные ролики на ТВ; проводить акции от инертности к инициативности; формировать сознательное отношение к экологии с дошкольного возраста; реализовывать проекты: «Вторая жизнь вещам», «Бережь воду»; ввести в традицию «День посадки деревьев»; создавать памятки по бережливому отношению к природе; использовать солнечные батареи и т.д. Акцент больше делать на образование и проведение воспитательных мероприятий.

Развитие «зеленой» экономики позволит избежать нашей стране экологического кризиса, если масштабно проводить воспитательные мероприятия среди подрастающего поколения в организации образования. Ведь бережное отношение к природным ресурсам формируется только через системный и планомерный процесс во внеклассных, кураторских мероприятиях среди молодежи, которые являются проводниками национальных идей.

Бүгін Абай ғылыми-зерттеу институтында «Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Он томдық» басылымының тұсаукесер рәсімі өтуде

Инновационные формы в системе нравственного и физического воспитания студентов сопровождаются досуг наших воспитанников. Так, хрупкая внешне, но со спортивным багажом, студентка моей группы, будущий журналист Кымбат Бектай является тренером сборной команды университета по черлидингу.



Наши черлидеры заявляют о себе

Успехи ее работы налицо: наша команда КазНУ заняла 3-е призовое место в Первом Республиканском Чемпионате по Черлидингу среди вузов РК-2016. Десятью черлидерами в категории выше 18 лет соревновались в номинациях: чирданшоу, пом Данс, партнёрские танцы, народный и эстрадный танец в составе команд КазУМОиМЯ, ЖенПУ, КАЗИТУ, КазНУ им. аль-Фараби, Назарбаев Университет, ИТ Университет.

его популярности. В Казахстане черлидинг появился относительно недавно и как вид спорта существует около десяти лет. Сегодня данный вид спорта развит более чем в 40 странах мира. По некоторым данным, общее число спортсменов-черлидеров в мире превышает 6 млн. человек. За последние 4 года этот вид спорта сделал огромный шаг вперед. Черлидинг идеально подходит для студентов, считают специалисты,



Грамоту и Кубок от Президента РОО «Казахстанская национальная Федерация Черлидинга» А.А. Касенова заслуженно получила тренер команды КазНУ, ныне студентка 3-го курса специальности «Журналистика» Кымбат Бектай. Собрать ребят и научить их слаженно работать, совмещая тренировки с учебой, было непросто. Сейчас — команда из 15 человек с разных факультетов состоялась, она даже завоевала право быть официальной группой поддержки Кубка Азии по футболу студенческих команд (Алматы, апрель т.г.).

Создание позитивной атмосферы на спортивных состязаниях способствовало повсеместному быстрому росту

допуская к участию в соревнованиях не только спортсменов-разрядников, но и новичков. Несмотря на малый срок существования черлидинга в республике, впереди — международные фестивали и соревнования.

Черлидеры выступают не только на спортивных чемпионатах, — их приглашают на ТВ ток-шоу, съемки в клипах и фильмах. Наша команда уже снялась в клипе. В социальных сетях развернута активная имиджевая деятельность, — журналистская подготовка тренера получает реализацию.

Черлидинг популярен не только в США, но и во многих странах Европы и Азии, а в Японии его изучают в рамках школьной программы. В Алматы приезжают на сборы

ЧЕРЛИДИНГ — вид спорта, представляющий собой гармоничное сочетание зрелищных видов спорта (акробатики, гимнастики) и элементов танцевального шоу. При этом спортсмены одеты в яркие костюмы. Черлидинг объединяет в себе спорт и искусство. Этот термин происходит от английских слов «cheer», что в переводе означает «бодрый, поощрительный возглас», и «lead», что в переводе означает «вести за собой, лидировать».

Черлидинг впервые зародился в Соединенных Штатах Америки во второй половине 19-го века. Решение о создании первой в мире черлидерской команды было принято на заседании Миннесотского Университета в 1898 году, чтобы поддержать свою футбольную команду.

тренеры международного класса с США, Кореи, Малайзии, России и т.д. По черлидингу проводятся чемпионаты мира, Европы и Азии. Возможно, он даже станет олимпийским видом спорта. Студенты выражают огромную благодарность ректору университета Г. Мутанову за прекрасные условия занятия спортом в вузе. Пожелаем же молодому тренеру Кымбат новым спортивным и творческих успехов!

Гюльнар МУКАНОВА, к.и.н., доцент кафедры печати и электронных СМИ

Вирусы гепатит — жұқпалы ауру. Вирусы гепатиттің энтеральді және парентеральді түрлері бар. Энтеральді түріне А және Е гепатиттері жатады. Олар тұрмыстық қарым-қатынас арқылы беріледі, көбінесе балалардың ұйымдасқан ұжымдарында күз-қыс мерзімдерінде жиі кездесіп тұрады.

Вирусы гепатит

Осы ауру әрбір 3-5 жылда өршіп тұрады. Ал парентеральді түріне В, С, Д гепатиттері жатады. Осы ауру түрінің қоздырғыштарын табиғи және жасанды жолмен жұқтыруға болады. Табиғи жолмен жұқтыру механизмдері жыныстық қатынас арқылы беріледі; перентеральді — анадан балаға және тұрмыстық қарым-қатынас кезінде, нақты айтатын болсақ, тіс щеткалары, жуыну жөкелері, тарақтар мен қырыну құралдары арқылы беріледі.

Жасанды жолмен жұқтыру медициналық және медициналық емес манипуляциялар арқылы жүзеге асады. Медициналық жұқтыру — тері-аллергиялық сынама, зақымданған қан немесе оның компоненттерін құю, инъекция жасау, операция жасау, стоматологиялық манипуляциялар, аборттар, гинекологиялық тексеру, органдарды транс-

локсу және құсу сияқты белгілер байқалады. Осындай күй 3-7 күн сақталып тұрады. Аптаның соңына қарай сары аурудың белгілері пайда болады — зәрдің түсі өзгеріп, үлкен дәреті ағарады, көздің іші мен тері сарғая бастайды. А гепатитінің вирусы аурудың ағзасынан зәр және сілекей арқылы сыртқа шығады. Ауру сау адамға вируспен зақымданған тағам мен су, әр түрлі тұрмыстық заттар, жуылмаған қол және жемістер мен көкөністер арқылы жұғады. Вирусы гепатитті жұқтырып алмау үшін жеке бас гигиенасын сақтау қажет. Бірақ осы аурумен күресу жолдарының ең тиімді жолы болып вакцинация саналады, осы тәсіл көптеген өркеніетті мемлекеттерде өзінің тиімділігін көрсете білді. Қазіргі кезде 2 жасар балаларды осы вирусқа қарсы егу шаралары жоспарлы түрде өткізіліп отырады. Вирус-



плантанттау арқылы беріледі. Медициналық емес жолмен берілу — татуировка, сундетке отырғызу, қырыну, маникюр және педикюр (қолданылатын құрал-саймандарды дұрыс зарарсыздандырмаған кезде) жасау арқылы беріледі. Бір ине қолданатын нашакорлар, медициналық манипуляция жасау кезінде жеке бас қорғау ережесін сақтамаған медицина қызметкерлері және донорлар арасында осы ауру жиі кездеседі. Тіс дәрігерлерінің қабылдауында болған кезде сіз бір рет қолданылатын және стерильденген медициналық құралды қолдануын талап ете аласыз. Сұлулық салондарда таза пенюарларды, маникюрға арналған ыдыстарды, қысқыштарды, бигудилерді және басқа да құрылғылардың таза болуын талап етуге құқылысыз. Татуировканы, пирсингті және құлақ тесуді санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар жерлерде жасау қажет.

А гепатитін жұқтыру кезінде делсалдық, төбеттің болмауы,

ты гепатит А-ға қарсы екпе 6 ай аралықпен екі рет алынады.

Вирусы гепатит В-ға қарсы кесте бойынша стандартты егу 7-10 жыл мерзім ішінде адам ағзасын тиімді қорғап тұрады. Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес вакцинацияның бірінші дозасы жаңа туылған нәрестеге 24 сағат ішінде салынады, келесі дозасы 2-ші ай, 3 доза 4-ші айда салынады. Медициналық қызметкерлер мен медициналық жоғары оқу орындарының және колледждердің студенттерін егу КРҰЭМ 2015 жылдың наурыз айының 12 жұлдызындағы №194 бұйрығына сәйкес 0-1-6 кестесіне сәйкес жүргізіледі. Вирусы гепатит В ошағында қатынаста болғандар мен қан және оның компоненттерін күйгандарды егу шұғыл түрде 0-1-4 кестесіне сәйкес жүргізіледі. Егілу қаланың емханаларында және медициналық орталықтарда жүргізіледі.

Г.А. ШАЖАБАЕВА,

Бостандық ауданы бойынша ТҚКБ эпидемиологиялық бөлімінің маманы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор ма.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы — **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Қаламқас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
Дизайнер — **Досқан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші — **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Талсырыс: №368

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.